

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы
Қазақстан және Ресей кеден қызметтерінің 2005-2006 жылдарға арналған
ынтымақтастығы туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 маусымдағы N 544 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан және Ресей кеден қызметтерінің 2005-2006 жылдарға арналған ынтымақтастығы туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің төрағасы Бердібек Машбекұлы Сапарбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан және Ресей кеден қызметтерінің 2005-2006 жылдарға арналған ынтымақтастығы туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан және
Ресей кеден қызметтерінің 2005-2006 жылдарға
арналған ынтымақтастығы туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясының Үкіметі,

1994 жылғы 28 наурыздағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімді, 1995 жылғы 16 мамырдағы Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Кеден қызметтерін басқарудың біртұтастығы туралы келісімді, 1998 жылғы 12 қазандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1998-2007 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық туралы шартты, 1999 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан

Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы аймақтарының 1999-2007 жылдарға арналған шекара маңындағы ынтымақтастығы туралы келісімді басшылыққа ала отырып, экономиканы, өңіраралық және шекара маңындағы кедендік ынтымақтастықты дамытуда, бірлескен кедендік бақылауды ұйымдастыруда, кедендік инфрақұрылымды нығайтуда келісілген іс-қимылдарды әзірлеу қажеттігін мойындай отырып, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар, шаруашылық субъектілері және шекара маңындағы өңірлердің тұрғындары үшін қолайлы жағдайлар жасауға маңызды м ә н б е р е о т ы р ы п , төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің сауда-экономикалық әлеуетін кеңейту үшін Ресей Федерациясының шекара маңындағы өңірлері - субъектілерінің және Қазақстан Республикасының шекара маңындағы облыстарының кеден органдары арасында өңіраралық және шекара маңындағы кедендік ынтымақтастықты дамытады.

2-бап

Тараптар осы Келісімнің қосымшасы және ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан және Ресей кеден қызметтері ынтымақтастығының 2005-2006 жылдарға арналған бірлескен кешенді бағдарламасын (бұдан әрі - Кешенді бағдарлама) іске асырады.

3-бап

Тараптар одан әрі тауарлар өткізу үшін жағдайларды жақсартуға және Қазақстан мен Ресей азаматтары үшін кеден рәсімдерін оңайлатуға жәрдемдеседі.

4-бап

Кешенді бағдарламаны орындау жөніндегі жұмысты үйлестіру Тараптар мемлекеттерінің шекара маңындағы өңірлері өкілдерінің қатысуымен Тараптар мемлекеттерінің орталық кеден органдарына жүктеледі.

Тараптар мемлекеттерінің орталық кеден органдары өз өкілеттіктерінің шеңберінде шешім қабылдауды талап ететін мәселелердің туындауына қарай отырыстар өткізеді.

5-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдану жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар жолымен шешетін болады.

6-бап

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмеген жағдайда, Тараптар осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларында көзделген қаражаттың шегінде дербес көтереді.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша жекелеген және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және бір Тараптың өзінің оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар еткен күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

2005 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, әрі екі мәтіннің бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Ресей Федерациясының Үкіметі
арасындағы Қазақстан және Ресей
кеден қызметтерінің
2005-2006 жылдарға арналған
ынтымақтастығы туралы келісімге
қосымша

**Қазақстан және Ресей кеден қызметтері
ынтымақтастығының 2005-2006 жылдарға
арналған кешенді бағдарламасы**

1. Мақсаты мен маңызды бағыттары

Қазақстан және Ресей кеден қызметтері ынтымақтастығының 2005-2006 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Ресей Федерациясы Федералдық кеден қызметінің ұсыныстарын ескере отырып ә з і р л е н д і .

Кешенді бағдарлама 1994 жылғы 28 наурызда Мәскеу қаласында қол қойылған Кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімді, сондай-ақ 1995 жылғы 16 мамырда Мәскеу қаласында қол қойылған Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Кеден қызметтерін басқарудың біртұтастығы туралы келісімді одан әрі іске асыру мақсатында дайындалды.

Кешенді бағдарлама кеден қызметтерінің әлеуетін арттыруға, шекара маңындағы сауданы дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауға, кедендік рәсімдерді оңайлатуға ы қ п а л е т е д і .

Кешенді бағдарлама шекарада бірлескен бақылауды құру мен енгізу, бірлесіп тиісті инфрақұрылымы бар кеден бекеттерін салу жолымен бірыңғай өткізу пункттерін дамыту жөнінде бірлескен тетікті айқындайды.

Шешімі Кешенді бағдарламада көзделетін бірлескен міндеттер қатарына мыналар ж а т а д ы :

шекарада бақылау рәсімін жетілдіру, бақылаушы органдар арасында барынша тығыз өзара іс-қимылды жүзеге асыру, "бір аялдама" қағидаты бойынша бір жерде бақылау жүргізу және тауарлар мен көлік құралдарын шекара арқылы өткізу кезінде бақылау жүргізу уақытын қысқарту;

осы тауарлар мен көлік құралдарының мақсатты пайдаланылуын қатаң сақтауды ескере отырып, Ресей Федерациясынан "Байқоңыр" кешеніне әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеу мен бақылау рәсімдерін оңайлату;

транзиттік тауарлардың өткізілуін бақылаудың бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құрудың пилоттық жобасын әзірлеу;

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының кеден қызметтері арасында кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары бойынша, сондай-ақ кеден ережелерін бұзушылықтар мен контрабанда фактілері бойынша ақпарат алмасуды жетілдіру.

2. Кедендік ынтымақтастықты дамыту

Кешенді бағдарламада өңіраралық ынтымақтастықты одан әрі жетілдіру, шекара маңындағы сауданың өсуін арттыру, халықаралық стандарттарға және сауда операцияларын жүзеге асыру практикасына сәйкес болу мақсатында шекарада кедендік рәсімдерді оңайлату, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу үшін жағдайларды

жақсартуға жәрдемдесу жөнінде нақты шараларды қабылдау көзделген.

Кеден қызметтерінің әлеуетін және қызметінің тиімділігін арттыру үшін қазақстан-ресей шекарасында бақылауды жетілдіру, олардың қызметін регламенттейтін тиісті нормативтік базаны бекіте отырып, шекара арқылы өткізу пункттерін келісу мен айқындау жөніндегі келісімдерге қол қою көзделеді.

3. Кешенді бағдарламаны іске асыруды басқару

Кешенді бағдарламаны іске асыруға:

Қазақстан Тарабынан - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;
Ресей Тарабынан - Ресей Федерациясы Федералдық кеден қызметі қатысады.

Кешенді бағдарламаны іске асыру мен оның орындалуын үйлестіру Кешенді бағдарламаның ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан және Ресей кеден қызметтері ынтымақтастығының 2005-2006 жылдарға арналған кешенді бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

4. Қорытынды ережелер

Кешенді бағдарламаны орындау мақсатында кеден қызметтері оларға бағынысты кеден органдарының арасында қажетті байланысты орнатады.

Өзара келісім бойынша Кешенді бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Қазақстан және Ресей кеден қызметтері ынтымақтастығының 2005-2006 жылдарға арналған кешенді бағдарламасына

ҚОСЫМША

Қазақстан және Ресей кеден қызметтері ынтымақтастығының 2005-2006 жылдарға арналған кешенді бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспары

P/6 NN	Іс-шара	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушы
1	2	3	4
1	1998 жылғы 6 шілдедегі Ресей Федерациясы Мемлекеттік кеден комитеті мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің арасындағы Ресей Федерациясынан "Байқоңыр" кешеніне әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу мен бақылаудың оңайлатылған тәртібі туралы келісімге "	2005 жыл ішінде	Ресей Федерациясы Федералдық кеден қызметі, Қазақстан

	тауарлар мен көлік құралдарының мақсатты пайдаланылуы" деген терминді қолдану бойынша бірізді түсініктеме берілетін Хаттама дайындау және оған қол қою.		Республикасы Қаржы министрлігі
2	Тараптар мемлекеттерінің кеден органының шотына енгізілген, не бір мемлекеттің кеден органына кепілгер төлеген немесе одан өндіріп алынған ақша қаражатын басқа мемлекет кеден органының шотына аударудың екі жақты мемлекетаралық тетігін әзірлеу.	2005 жыл ішінде	Ресей Федерациясы Федералдық кеден қызметі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
3	1996 жылы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Темір жол көлігі кәсіпорындарының мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімге қосымшаға сәйкес бір Тарап мемлекетінің темір жолдар құрамына енетін, бірақ екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан теміржол бөлімшелері кәсіпорындарының атына және мұқтаждары үшін әкелінетін жүктерді өткізу кезінде олардың жүк кедендік декларациясын ұсынбай және кедендік ресімдегені үшін алымдар алынбай ресімделуін көздейтін оңайлатылған кедендік ресімдеу және кедендік бақылау рәсімін белгілейтін үкіметаралық шарт дайындау.	2005-2006 жылдар ішінде	Ресей Федерациясы Федералдық кеден қызметі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
4	Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясына және Ресей Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан Республикасына баратын транзиттік тауарлардың өткізілуін бақылаудың бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құрудың пилоттық жобасын әзірлеу.	2005-2006 жылдар ішінде	Ресей Федерациясы Федералдық кеден қызметі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
5	Кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау жүргізу кезінде оны қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының кеден қызметтері арасында Қазақстан мен Ресейдің кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар бойынша, сондай-ақ кеден ережелерін бұзушылықтар мен контрабанда фактілері бойынша ай сайын ақпарат алмасуды белгілеу.	2006 жыл ішінде	Ресей Федерациясы Федералдық кеден қызметі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
6	Қазақстан-ресей шекарасы арқылы құбыр желісі көлігімен және Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумақтарындағы электр беру желілері бойынша өткізілетін энергия ресурстарын өткізу пункттерінің (кедендік бақылау орындарының) тізбесін бекіту.	2005 жыл ішінде	Ресей Федерациясы Федералдық кеден қызметі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
7	Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумақтарында орналасқан энергия ресурстарын есепке алу аспаптарынан көрсеткіштерді алу актілерімен алмасудың тәртібін бекіту.	2005 жыл ішінде	Ресей Федерациясы Федералдық кеден қызметі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК